

13 Гимбатов А. Ш., Магомедова Г. С. Приемы повышения продуктивности и качества картофеля в предчерной зоне Дагестана // Картофель и овощи. – 2008. – №1. – С.6.

14 Зебрин С. Н., Шабанов А. Э., Киселев А. И. Отзывчивость новых сортов на приемы агротехники // Картофель и овощи. – 2006. – №7. – С.14-15.

### **ТҮЙІН**

Картоп түйнегінде нитраттардың жиналуы әртүрлі факторларға байланысты эксперименталды жолмен анықталады: тіршілік кезеңінің ауа-райы жағдайларына, тыңайтқыш енгізудің тәсілдері мен мөлшеріне, суару мезгілдеріне, тіршілік кезеңінің ұзақтығына, сонымен қатар сұрыптардың ерекшеліктеріне байланысты.

### **RESUME**

The accumulation of nitrates in the tubers of potato determined by an experimental way depend on many factors: weather terms of vegetation period, doses and methods of using fertilizer, terms of watering, duration of vegetation period, and also of high quality features.

УДК 332.33

**К. Д. Бегайдарова**, аға оқытушы,

**Ж. Т. Мергенова**, 4 курс студенті

Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті, Орал қаласы, ҚР

## **БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫ ЖЕР ҚОРЛАРЫН ПАЙДАЛАНУЫН САРАПТАУ**

### **Аннотация**

Мақалада Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы жер қорының құрылымы қаралып, жер пайдаланылуы сарапталған.

***Түйін сөздер:** жер, ауыл шаруашылығы, алқаптар, аудан, сараптама, шаруа қожалықтар.*

Халық шаруашылығында ғылыми-техникалық прогрестің дамуы бірінші кезекте жердің ауылшаруашылық өндірісінің негізгі құралы және маңызды табиғат ресурсы ретінде жерді агроөндірістік кешендерде тиімді пайдалануды қажет етеді. Жер ресурстарын тиімді пайдалану, соның ішінде ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімді пайдалану жер қатынастары саласындағы күрделі мәселелердің бірі. Осы міндеттердің шешілуі жерді жоғарғы көлемде ауылшаруашылығы айналымына көп көлемде тартумен, алқаптардың өнімділігін арттырумен, ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігін арттырумен және жердің табиғи құнарлылығын сақтау шараларын жүргізумен байланысты.

Жер – бұл еліміздің негізгі байлығы. Ауыл шаруашылығында өндірістің негізгі құралы және халық шаруашылығының барлық салаларының даму базасы болып есептеледі. Сонымен жерге байланысты заттардың барлығы бағалы болып келеді. Осының ішіндегісі ұлттық экономиканың ең ірі саласы болып табылатын Қазақстанның ауыл шаруашылығы жері мемлекеттің әлеуметтік экономикалық саласында маңызды орын алады.

Жердің сан түрлі қасиеті бар. Дегенмен жер ресурстарының шектеулі екендігі де баршаға мәлім. Осының ықпалында жердің өндірістік фактор ретіндегі маңызы барынша арта түседі. Жер бетін жайлаған адам санының жедел өсуіне байланысты қалалар мен қала шаруашылықтары күрт дамып, егістіктер мен мал жайылымдықтары тарылды. Құнарлы деген жерлердің біразы ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылып, басқа салалардың игілігіне

берілді. Қазіргі күні осы мәселелерді жүйелейтін болсақ, бұл жерде ең басты мәселе ауыл шаруашылығы жерлеріне қаржы және технологиялық инвестициялардың келуіне жол ашу болғандығы анық. Оның үстіне жермен жұмыс істейтін ауылшаруашылық құрылымдарының жерге деген құқықтық қатынасы мен оларды ұйымдастыру жүйесін нақты белгілей отырып жер күтімі, топырақ құнарлылығын сақтау мен жерді ақылы пайдаланудың негізін қалыптастыру, ауылшаруашылық жерлерінің құндылығын арттыру, жалпы жер ресурстарын тиімді пайдалану жолдарын сараптау қажет болып отыр.

Жер ресурстары – қоғамның материалдық, мәдени және басқа да қажеттерін қанағаттандыру үшін шаруашылық және өзге де қызмет процесінде пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін жерлер болып табылады [1].

Жер қоры — мемлекеттің аумағындағы бүкіл жер құрамы. Қазақстан Республикасы “Жер туралы” заңына сәйкес жер қоры нысаналы мақсатына сәйкес мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) ауыл шаруашылығы мақсатында пайдалануға жарамды жерлер;
- 2) елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері;
- 3) өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер;
- 4) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері, сауықтыру мақсатындағы, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жер;
- 5) орман қорының жері;
- 6) су қорының жері;
- 7) босалқы жер[2].

Ауыл шаруашылығы алқаптарына егістіктер, тыңайған жер, көп жылдық екпелер егілген жер, шабындықтар мен жайылымдар жатады.

Егістік - жүйелі түрде өңделетін және көп жылдық шөптердің егістігін қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігіне пайдаланылатын жер учаскелері, сондай-ақ сүрі жер. Алдын ала егілетін дақылдардың егістігі орналасқан (үш жылдан аспайтын уақыт аралығында), түбегейлі жақсарту мақсатында жыртылған шабындықтар мен жайылымдардың жер учаскелері, сондай-ақ бақтардың егіске пайдаланылатын қатар аралығы егістікке жатпайды.

Тыңайған жер – бұрын егістік құрамында болған және күзден бастап бір жылдан аса ауыл шаруашылығы дақылдарын егуге пайдаланылмайтын және пар айдауға әзірленбеген жер учаскесі.

Көп жылдық екпелер – жеміс-жидек, техникалық және дәрі-дәрмек өнімдерінің түсімін алуға, сондай-ақ аумақты сәндеп безендіруге арналып қолдан отырғызылған көп жылдық ағаш, бұта екпелеріне пайдаланылатын жер учаскелері.

Табиғи шабындықтар мен жайылымдар - шөп шабуға және жануарларды жаюға жүйелі түрде пайдаланылатын жер учаскелері.

Түбегейлі жақсартылған шабындықтар мен жайылымдар - шөп егу арқылы жаңадан отайған шабындық және жайылым учаскелері.

Суландырылған жайылымдар - тиісті мал басын сапасы ойдағыдай сумен қамтамасыз ете алатын су көздері (көлдер, өзендер, тоғандар, апандар, суару және суландыру каналдары, құбырлы немесе шегенді құдықтар) бар жайылымдар.

Батыс Қазақстан облысының аумағы 15133,9 мың га. Батыс Қазақстан облысы аумағының басым бөлігі Каспий маңы ойпатының солтүстігінде орналасқан. Жер бедері, негізінен, құмды алқаптар мен сор ойпаңдар алмасып жатқан жазық болып келеді. Бұл өңірдің абсолюттік биіктік 10 — 25 м-ден аспайды. Солтүстігіндегі қырат бөлігі (абсолюттік биіктігі 45 — 65 м) Сырт қырқасы арқылы Орал үстіртіне ұласады. Жалпы Сырттың осы тұстағы ең биік жері 259 м (Ешкі тауы). Орал үстіртінің облыс жеріндегі бөлігі — құрғақ арналармен тілімденген жонды-белесті өңір. Оның абсолюттік биіктігі 110 — 260 м, ең биік жері — Ақтау (Бортау) тауы (263 м).

Батыс Қазақстан облысының солтүстік бөлігі далалық белдемде, қалған жері шөлейт және шөл белдемдерде жатыр. Облыс жерінің 15%-ін құмды алқап алады. Қиыр солтүстік, Сырт суайрықтарында қара, Сырт және Орал үстіртінің қыратты бөліктерінде қызыл қоңыр,

өзен аңғарларында шалғынды сортаң, шөгінді (құмдақ-сазды) топырақ түрлері тараған. Облыстың оңтүстік бөлігін құмды алқаптар (Нарын, Көкөзенқұм, Аққұм, Қарағандықұм, т.б.) алып жатыр.

Облыстағы өзендер Каспий теңізі алабында жатыр. Ұзындығы 100 км-ден асатын 14 өзен бар. Басты су артериясы — Жайық өзені солтүстік-шығыстан оңтүстікке қарай ағады. Оның облыс жеріндегі Ұзындығы 500 км-дей. Жайыққа облыс аумағында Емболат, Шаған, Дерқұл, Елек, Шыңғырлау, Барбастау өзендері құяды. Облыстың шығыс жағындағы шағын Өлеңті, Қалдығайты, Жақсыбай өзендері Орал үстіртінен басталып құмға сіңіп жоғалады.

Батыс Қазақстан облысында 140-тан астам көл бар. Оның 9-ның су айдыны 10 км<sup>2</sup>-ден асады. Суы тұщы маңызды көлдері: Қамысты Самар, Итмұрынкөл, Сұлукөл; ірі тұзды көлдері: Шалқар, Аралсор, Жалтыр, Жалтыркөл, Боткөл, т.б. Жер бетіндегі ағынды суды реттеу үшін облыс аумағында бірнеше бөгендер салынған. Олар негізінен Көшім суландыру жүйесінде және Қараөзен (Үлкенөзен) бойында (Бітік, Дөңгелек, Киров, Пятимар, Сарышаған, Айдархан) орналасқан. Облыстағы көлдің таралу коэффициенті 10% (жайылма суларды есепке алмағанда); олардың айдындарының аумағы 1532 шаршы км. Облыстың өзен бойларына жуық өңірлерінде жайылма су (қарасу) айдындары көп.

Облыстың климаты тым континенттік. Қысы суық, жазы ыстық әрі құрғақ. Қаңтар айының орташа температурасы  $-11$  —  $14$  °С, кейде  $-40$  °С-қа дейін төмендейді, шілде айындағы температура  $22$  —  $25$  °С, кейде  $40$  °С-қа дейін көтеріледі. Жауын-шашынның көп жылдық орташа мөлш. 190 (оңтүстікте) — 350 мм (солтүстікте). Қар жамылғысы 70 күннен (оңтүстікте) 140 күнге (солтүстікте) дейін жатады. Жыл бойына екпінді желдер (кейде  $15$  —  $20$  м/с-қа дейін) болып тұрады. Өсімдіктердің вегетациялық кезеңі  $150$  —  $170$  тәулік [3].

Облыс 1932 жылы 10 наурызда Орал облысы болып құрылған. 1996 жылдан Батыс Қазақстан облысы болып аталады. Жерінің аумағы 151,3 мың км<sup>2</sup>, тұрғындары 624 мың адам (2014). Әкімшілік жағынан Батыс Қазақстан облысы 12 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға, олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген.

Орталығы – Орал қаласы. Облыстағы 539 елді мекеннің тұрғындары біркелкі орналаспаған. Халықтың орташа тығыздығы 1 км<sup>2</sup>-ге 4,0 адамнан келеді (1999). Солтүстік аудандарда және Жайық өзенінің аңғарында халық жиі қоныстанған (1 км<sup>2</sup>-ге 9 — 12 адам). Қала халқы бүкіл халықтың 49,1% құрайды. Қалалары: Орал, Ақсай; ірі кенттері: Бөрілі, Дерқұл, Зашаған, Круглоозерное, Чапаев.

Ақжайық ауданына тиесілі жер көлемі 2571,6 мың га құрайды. Ақжайық ауданы Батыс Қазақстан облысының орталық бөлігінде орналасқан.


Ақжайық ауданының тұрғыны - 42 288 адам. Орташа қоныстану тығыздығы - 1 шаршы шақырымға 2 адам. Аудандағы 52 елді мекеннің басым бөлігі Жайық өзенін жағалай орналасқан. Орталығы - Чапаев ауылы. Аудан құрамына 18 әкімшілік - аумақтық бөлініс - Ақжол, Ақсуат, Алғабас, Алмалы, Базартөбе, Базаршолан, Бударин, Есенсай, Көнекеткен, Жамбыл, Жаңабұлақ, Қабыршақты, Қарауылтөбе, Құрайлысай, Мерген, Сарытоғай, Тайпақ, Чапаев ауылдық елді мекен кіреді.

Ақжайық ауданының жер қоры ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер көлемі - 1023,7 мың га, елді мекендер жерлері - 870,4 мың га, өндіріс, жол, байланыс қорғаныс тағы да басқа жерлер көлемі - 3,4 мың га, орман қорының жерлері - 74,7 мың га, су қорының жерлері - 22,5мың га, босалқы жерлер - 576,9 мың га құрайды (сурет 1).

Ақжайық ауданы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі - 1023,7 мың га. Егістік – 0,07 мың га, тыңайған жер – 19,2 мың га, шабындық – 94,3 мың га, жайылым – 875,7 мың га, тұрақты суармалы жерлер көлемі -3,4 мың га, көлтабандар (лиман) жерлері көлемі - 55,0 мың га құрайды [4].

Шаруа қожалықтарының саны – 699, олардың пайдаланудағы жер көлемі 920,2 мың га., 2012 жылға қарағанда 56 шаруа қожалықтары көбейп, олардың жер көлемі -118,2 мың га артты, сонымен қатар 40 шаруа қожалығы жабылуына байланысты, жер көлемі 48,5 мың га азайды.

- Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері саны -7, пайдаланудағы жер көлемі 81,2 мың га. 2012 жылмен салыстырғанда 1 ЖШС-ның жабылуына байланысты жер көлемі 0,7 мың гектарға азайды.



1 сурет – Ақжайық ауданының жер қорының санаттарға бөлінуі

- Аудан бойынша өндірістік кооперативтер жоқ.
- Басқалай мемлекеттік емес мекемелер саны - 4, олардың пайдаланымдағы жер көлемі 0,017 мың га. 2012 жылға қарағанда саны 1-ге көбейіп жер көлемі 0,02 мың га көбейді .
- Басқалай мемлекеттік мекемелері саны 1, жер көлемі 16,3 мың га. 2012 жылмен салыстырғанда өзгеріс жоқ.
- Босалқы жерлер көлемі 576,9 мың га, 2012 жылға қарағанда – 73,9 мың га. кеміді.

Осыған қоса, 2012 жылы жеке тұрғын үй құрылысына берілген жер учаскелерінің жағдайын анықтау жұмыстары ауданда жүргізілген болатын. Жер учаскелерін өз мақсаты бойынша пайдаланбай отырған және заңнаманы бұза отырып пайдаланған жер иелері мен жер пайдаланушыларға шара қолдану жөніндегі жұмыстар толықтай жүргізілген болатын.

Түгендеу жұмыстары жүргізілген жер учаскелерінің ішінен өз мақсатына сәйкес пайдаланылмай отырған немесе заңнаманы бұза отырып пайдаланылған жалпы көлемі 13,5 га болатын 127 жер учаскелері анықталған. Сол себептен, көлемі 11,1 га болатын 100 жер учаскелері иесіз мүлік ретінде есепке қойылған.

Тұрғын үй салуға алғашқы рет сатылған жер учаскелердің саны 0.

Жер учаскелерін мәжбүрлеп кері қайтару шараларын жүргізу барысында көлемі 2,4 га болатын 27 жер учаскелері бойынша материалдар аумақтық жер инспекциясына жолданды.

Сонымен қатар, 2012 жылда аудан бойынша 3 агросубъектілер 1,2 мың га көлемдегі жер учаскелерін пайдаланбай отырғаны анықталып, нәтижесінде 3 агросубъектілердің 1,2 мың га көлемдегі жер учаскелері аудан әкімдігінің қаулыларымен мемлекеттік меншікке қайтарылды [5].

Ақжайық ауданында 108 шаруа қожалығы көкөніс өсірумен шұғылданады. 586 шаруа қожалықтары мал шаруашылығымен айналысады, сонын ішінде 266 шаруа қожалығы - қой өсіру шаруашылығы, 320 шаруа қожалығы ірі қара мал өсірумен шұғылданады. Яғни Ақжайық ауданының жер қорының басым бөлігі жайылым ретінде қолданады.

Жайылым – оты мол немесе жасанды өрістік жер алқабы, мал еркін жайылып, бағылатын жер алқабы. Табиғи жайылым және екпе жайылым болып екіге ажыратылады. Табиғи жайылым орналасуына, өсетін өсімдік түрлеріне және пайдалану әдісіне байланысты маусымдық және жыл пайдаланылатын жайылым болып бөлінеді. Екпе жайылым бір жылдық,

қысқа мерзімді (5-6 жыл) және ұзақ (7-10 жыл) мерзімді болады.

Қазірде жайылым жерлердің орынсыз пайдалануы салдарынан кейбір жеке үй шаруашылықтарында малы бар шаруаларға жер жетіспеушілігі қатты байқалуда. Соның салдарынан жайылым жерлері уақытылы дем алмайды, яғни жер өз құнарлығынан айырылады.

Бұл мәселелердің шешімі ретте жайылымдық кеңес құру қажет, көпжылдық шөптер егіп, тозып кеткен жерлерді қалпына келтіру қажет. Сонымен қатар күн және жел генераторларын пайдалану арқылы жайылымдарға жылу, жарық беру; аймақтардағы құдықтарды қалпына келтіру істері сауатты атқаруды бақылау қажет.

Жер – адамзаттың басты тіршілік көзі, бүкіл материалдық өндірістің базистік негізі, мемлекетті құрып, дамытудың аса маңызды геосаяси факторы.

Жер ресурстарын тиімді, орынды пайдалану ел экономикасын көтерудегі ең маңызды көрсеткіш. Алайда, экономиканы көтереміз деп жерді орнысыз пайдалану үлкен, шешілуі қиын мәселелерді де туғызатынын есте ұстау керек [6].

Иелі жер – киелі жер. Ендігі негізгі мәселе мекен етіп отырған жеріміздің тазалығы одан дұрыс өнім алу өзімізге байланысты екені даусыз. Қай жеріміз егіншілікке жарамды, қай жеріміз мал шаруашылығына қажет, шаруашылыққа пайдаланбай табиғи күйінде сақталатын жеріміз қайсы осыны білу, оны адам баласының игілігі үшін дұрыс пайдалана білу, оны ұрпағымызға дұрыс жеткізу де біздің парызымыз. Сонда бұл игілікті істі неден бастау керек деген заңды сұрақ туады.

Жүргізілген сараптама нәтижесінде Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы жер ресурстары, ауыл шаруашылығына арналған және ауыл шаруашылығына арналмағаны болсын, үнемі өзгеріп отырады. Себебі жер телімдері бір санаттан екінші санатқа ауысып отырады. Сондықтан да жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі әр мемлекеттің күрделі мәселесі болып табылады.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж., Игембаева С.К. Мемлекеттік жер кадастрының жаңа технологиясы, Алматы 2008. – 35 б.
- 2 Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы. Арыс баспасы Алматы 2002. – 56 б.
- 3 Батыс Қазақстан облысының жер қорларын 2013 жылы пайдалану (2013.01.01) көрсеткіштері. Орал. – 2013.
- 4 Статистикалық жинақ. БҚО статистика басқармасы, Орал қ., 2012. – 160 б.
- 5 Жер қатынастары дамуының өзекті мәселелері мен әлеуметтік құқықтық аспектілері //Ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Астана, 2003. – 245 б.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматривается структура земельных ресурсов Акжайкского района Западно-Казакхстанской области и дается анализ их использования.

#### **RESUME**

This article describes the structure of land resources of Akzhaiyk district of West Kazakhstan region and analyzes their usage.